

Павлодар облысы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 208/7 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабы 8-тармағына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі "Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" №103/4 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4471 болып тіркелген, 2015 жылы 28 мамырда "Звезда Прииртышья" газетінде, 2015 жылы 25 маусымда "Сарыарқа самалы" газетінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ғ.Қ. Сәдібековке** жүктелсін.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев